

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
28.10.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 28.10.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев мырзаға беріледі.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Алдымен өзіңізге, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы, Экологиялық кодексті қарастыру кезінде көрсеткен қолдауыңыз үшін алғысымды білдіруге рұқсат етіңіз.

Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға мүмкіндік беретін Экологиялық кодекстің негізгі бөлімдеріне тоқталғым келеді.

«Ластаушы төлейді» қағидатының негізіне ластануды болдырмау мен бақылау бойынша шаралары жатады. Сонымен қатар қоршаған ортаға тиген залалды қалпына келтіруге қатысты жауапкершілік қарастырылған.

Осылайша, мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлеудің орнына қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі барлық шараларды қабылдау тиімдірек болатындай жағдай жасауы тиіс.

Экологиялық залал орын алған жағдайда табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны бастапқыда болған қалпына келтіру міндетті.

Ең озық қолжетімді технологияларды енгізеді деген шартпен бірінші санаттағы объектілер үшін кешенді экологиялық рұқсаттарға көшу ұсынылады. Сондай-ақ жаңадан іске қосылатын кәсіпорындар үшін кешенді экологиялық рұқсаттар алу міндеттілігі қарастырылды.

Ең озық қолжетімді технологияларды енгізудің арқасында еліміздегі экологиялық ахуал жақсарады.

Бірінші кезеңде мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, химия және электр энергетикасы салаларына қатысты 50 ірі кәсіпорынды ең озық қолжетімді технологияларға ауыстыру жоспарланған. Айта кетерлік, осы 50 кәсіпорынға жалпы ластанудың 80 пайызы тиесілі.

Кодекстің жобасында бірінші санаттағы ірі кәсіпорындарға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ОВОС) жүргізу туралы талап

карастырылды. Олардың тізбесі қайта қаралады және негізінен экологиялық қауіпті объектілерге баса назар аударылатын болады.

Сонымен қатар қоғам өкілдері қоршаған ортаға әсерді бағалаудың барлық кезеңдеріне қатысады.

Міндетті түрде бірінші санаттағы объектілердің қоршаған ортаға әсері бағаланады. Ал екінші санаттағы объектілер скринингтен өтеді. Яғни қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу қажет немесе қажет емес екендігі анықталады.

Үшінші санаттағы объектілер бойынша декларация қабылданады. Ал төртінші санаттағы объектілер реттеуден толық босатылған.

Қоршаған ортаға эмиссиялар және табиғат қорғау іс-шараларына бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды үшін төленетін төлем бойынша келесіні айта кету қажет.

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама бойынша табиғатты қорғау іс-шараларына эмиссия үшін түскен төлемдерді мақсатты жұмсау міндеттелген. Мысалы, соңғы жылдары атқарушы органдар келіп түсетін қаражаттың тек 45 пайызын ғана қоршаған ортаны қорғауға бөлген екен.

Осыған байланысты заң жобасында жергілікті атқарушы органдар түсетін экологиялық төлемдердің есебінен 100 пайыз көлемінде табиғатты қорғау іс-шараларына қаржы бөлуге міндетті екендігі көрсетілген.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары мәселелерін шешу мақсатында қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы терминология мен ережелер халықаралық талаптарға сәйкес келтірілген.

Жобада қалдықтармен кезең-кезеңімен жұмыс істеуге бағытталған қалдықтар иерархиясы қарастырылған. Бұл дегеніміз, ең алдымен жиналатын қалдықтарды азайтуға бағытталған. Иә болмаса жиналған қалдықтарды қайта пайдалану, қайта өңдеу, кәдеге жарату қажет екендігі айтылған. Тек осыдан кейін ғана полигондарда көму қажеттілігі қарастырылатын болады. Сондай-ақ халықты тұрмыстық-қатты қалдықтарды жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің, қалдықтарды бөлек жинаудың рационалды жүйесі туралы хабардар ету жүзеге асырылатын болады.

Қалдықтардың классификациясы Еуропалық каталогқа сай сәйкестендірілген. Және онда қауіпті емес те, қауіпті де қалдықтардың тізбесі көрсетіледі.

Бұл ретте заңсыз қоқыс тастау мәселесін жүйелі түрде шешу үшін жаңа Экологиялық кодексте қоқыс шығаратын көліктерге GPS-датчиктерді міндетті түрде орнату мәселесі көзделген.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Осылайша, белгіленген нормалар экологиялық жағдайды түбегейлі жақсартуға және халықты қолайлы өмір сүру ортасымен қамтамасыз етуге бағытталады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Баяндама аяқталды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен қаралып отырған заң жобасын тұтасымен қолдаймын және әріптестерімнен оны қолдауды сұраймын.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Экологиялық кодекс жобасының 130-бабына сәйкес кәсіпорындардың экологиялық тиімділігін арттыру бағдарламасы қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін объектілерді реконструкциялау жөніндегі іс-шаралар тізбесін және оларды орындау мерзімін қамтиды. Кәсіпорындар бұл бағдарламаны орындауға тиіс.

Сонымен қатар кәсіпорындар бағдарламаны іске асыруды қолға алса да, оны белгіленген мерзімде толық орындауға мүмкіндік бермейтін объективті себептер туындауы мүмкін. Ал кодекс жобасында бағдарламаға өзгерістер енгізу және көрсеткіштерге кезең-кезеңімен қол жеткізу кестесін қайта қарау мүмкіндігі қарастырылмаған екен.

Осыған байланысты депутаттар егер бұл қоршаған ортаға теріс әсерін төмендетуге ықпал етпесе, оператордың кестеге өзгерістер енгізу құқығын көздейтін түзету енгізді.

Осы түзету бойынша Сіздің көзқарасыңызды, позицияңызды білгіміз келеді. Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті Дархан Қамзабекұлы! Негізінде біз осы айтылған ұсынысты қолдаймыз. Егер енгізілетін өзгерістер қоршаған ортаға теріс әсерін келтірмесе, онда сондай өзгерістер енгізу мүмкіншілігін біз қолдаймыз. Екінші оқылымға дейін осы норма түзетілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Магзум Маратович! Мой вопрос в продолжение предыдущего вопроса.

В соответствии с проектом Экологического кодекса комплексное экологическое разрешение подлежит отзыву в случае, если к намеченному сроку не будут достигнуты установленные показатели. Последствием отзыва такого решения может быть приостановка деятельности целого предприятия, что, в свою очередь, может повлечь экономические последствия.

В этой связи депутатами предложено установить пороговый уровень снижения негативного воздействия на окружающую среду загрязняющих веществ, позволяющий продлевать программу на один год.

Депутаты считают, что можно установить пороговое значение на уровне не менее 70 процентов от общего количества маркерных загрязняющих веществ.

Скажите, пожалуйста, какова Ваша позиция по этому вопросу, учитывая также, что приостановка деятельности всего предприятия, может иметь еще и социальные последствия?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемая Снежанна Валерьевна! Действительно, такая норма очень глубоко обсуждалась на площадке Мажилиса и с представителями крупного бизнеса. Данная норма поддерживается.

Дело в том, что по объективным причинам по истечении, например, десяти лет какое-то оборудование может не заработать на должном уровне. Поэтому мы считаем, что есть необходимость проведения корректировки Экологического кодекса для того, чтобы дать возможность предприятиям в случае, если они достигли 70 процентов, продлить еще на один год соответствующую возможность для доведения всех пуско-наладочных работ до конца.

Поэтому соответствующая норма будет проработана до второго чтения, Нурлан Зайруллаевич.

ТӨРАҒА. Правильный подход.

Как сейчас сказал министр, уважаемые коллеги, законопроектом предусматривается внедрение наилучших доступных технологий (НДТ). Во-первых, срок – десять лет.

Во-вторых, по истечении десяти лет уполномоченный орган, по-моему, заходит на предприятие, и если предприятие не достигло запланированных показателей, то ему выписывают всю сумму штрафа за все эти десять лет. Наверное, правы депутаты, когда предлагают уровень в размере 70 процентов по предприятию, которое начало (повторю, не просто десять лет ничего не делало, а уже начало) активно внедрять НДТ, затратило на это серьезные средства и снизило негативное воздействие на окружающую среду. Снежанна Валерьевна, или 60 процентов?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. 70 процентов.

ТӨРАҒА. 70 процентов от общего количества маркерных загрязняющих веществ. Тогда, конечно, предприятию нужно дать шанс. И вот этот год – это не просто спасение для подведения каких-то наладочных работ, Мағзум Маратович. Здесь две задачи.

Во-первых, предприятию дается возможность завершить внедрение наилучших доступных технологий.

Во-вторых, как сказала депутат Имашева, здесь имеется большая социальная составляющая, потому что если предприятие десять лет затрачивало серьезные средства на модернизацию, но ему не хватило 10 процентов для завершения, а на него еще за эти десять лет штраф наложат, то финансовое состояние этого предприятия будет просто аховое. Соответственно, как цепочка – завтра будет и сокращение рабочих мест, и ухудшение социального положения работников. На крупных предприятиях это все взаимосвязано.

Я хочу проинформировать Вас, мы проводили встречу с руководителями крупных промышленных предприятий. Они с большим одобрением встретили норму, предложенную депутатами.

Я думаю, что здесь нужно поддержать, Магзум Маратович. Этот год ничего не решит для проверяющего уполномоченного органа, но даст нашим предприятиям возможность, но опять-таки с условием, что эти десять лет они работают, 70 процентов этой программы они выполнят. Не штрафовать, не заходить вслепую, допустим, если 0,1 процента не выполнена, как вы предлагаете в правительственном варианте, то сразу шлепнуть ему десятилетний штраф. Кончим мы тогда все предприятия. Согласны?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Да.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Теміржанов Мұрат Баритұлына беріледі.

ТЕМІРЖАНОВ М.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Магзум Маратович! Согласно приложению к проекту Экологического кодекса к объектам третьей категории отнесены животноводческие хозяйства менее 100 голов (свинарники, коровники, птичники, конюшни, зверофермы), которые должны декларировать вредное воздействие на окружающую среду. Нужно понимать, что формулировка «менее 100 голов» – это и 50, и 10, и 5. При этом декларация должна содержать несколько сведений, в том числе количество и виды сбросов, загрязняющих веществ и отходов.

В этой связи у меня возникает вопрос: что должен делать индивидуальный предприниматель (или другими словами – ЛПХ), который содержит 20-30, пусть даже 100 кур, чтобы представить информацию о количестве и видах отходов? Причем если он не будет декларировать то, что требуется, его будут привлекать к административной ответственности.

Это еще один шаг к тому, чтобы усложнить индивидуальным предпринимателям или ЛПХ вести свое хозяйство? Я так понимаю?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемый Мурат Баритович! Уважаемые депутаты! Действительно, в приложении к проекту Экологического кодекса записано именно так по предприятиям третьей категории. Хочу однако отметить, что сегодня вот такие ЛПХ с количеством менее 100 голов относятся к разрешительному режиму. В соответствии с санитарно-эпидемиологическим законодательством они должны получать разрешение. Мы решили упростить, перевести их на декларативный формат, однако, понимая сырость данного вопроса, потому что, действительно, можно...

ТӨРАҒА. Нет, извините, не «сырость». Эта норма просто бестолковая. Действительно глупость! Пожалуйста, комментируйте дальше. Я сейчас тоже прокомментирую.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. В целом хочу отметить, что снижение таких административных барьеров уже предусмотрено, однако на самом деле этого недостаточно. Если позволите доработать до второго чтения, мы данную норму доработаем и поставим какой-то четкий разграничительный барьер, чтобы относить к третьей категории или освободить, Нурлан Зайруллаевич.

ТӨРАҒА. Понятно.

Магзум Маратович, если я Вас правильно понял, речь идет не только об индивидуальных предпринимателях, но и о любом жителе села, у которого есть крупный рогатый скот, мелкий скот и который держит птицу. Правильно?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Фактически да.

ТӨРАҒА. Тогда что получается? К примеру, житель Улытауского района Карагандинской области, условно, имеет пять-десять кур. Чтобы их задекларировать, он должен проехать в управление природных ресурсов и регулирования природопользования при акимате. Так?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Да.

ТӨРАҒА. Находится оно, понятно, в областном центре. То есть он должен отмахать 700 километров, задекларировать даже не пять, а одну курицу. Я правильно Вас понимаю?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Абсолютно, Нурлан Зайруллаевич. Так и прописано в кодексе.

ТӨРАҒА. Правильно, прописано, но этот кодекс вы же принесли.

Почему это произошло? Это произошло из-за нечеткой формулировки – «менее 100». Согласитесь, менее 100 – это и 99 единиц, и 1 единица. В данном случае домашних животных или птиц.

Конечно, надо понимать, что есть разница между вредным воздействием на окружающую среду от табуна и вредным воздействием от одной курицы. Когда эту норму писали, надо было же подумать, разобраться.

Наверное, здесь нужен дифференцированный подход – крупный рогатый скот, лошади, птицы. Солай емес пе?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Солай.

ТӨРАҒА. Солай. Заң жобасының осындай нормасын оқыған кезде бұл норманы жазған адам ауылда болды ма деп ойлайсың. Болмаған шығар. Шіркін, осы норманы жазған маманды екі-үш айға ауылға жіберсе ғой, сонда тауық пен сиырдың айырмашылығын түсінетін болар. Қалай ойлайсыз, министр мырза?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Дайынбыз, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Дайынсыз ба? Жаксы. Кодекс қабылданғаннан кейін ауылға барып келіңіз.

Магзум Маратович, Вам нужно с коллегами из Министерства сельского хозяйства разобраться в этом вопросе.

Кто у нас, кстати, из Министерства сельского хозяйства?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Вице-министр сельского хозяйства Руслан Манатаев.

ТӨРАҒА. Ну а вы как могли завизировать, Министерство сельского хозяйства, такой документ?

ОРНЫНАН. Они не читали.

ТӨРАҒА. Может быть, и не читали.

МАНАТАЕВ Р.Е. Мы согласны, будем дорабатывать эту норму.

ТӨРАҒА. Вы давно работаете в Министерстве сельского хозяйства?

МАНАТАЕВ Р.Е. Два месяца.

ТӨРАҒА. Вы откуда пришли в это министерство?

МАНАТАЕВ Р.Е. Я отвечаю за цифровизацию.

ТӨРАҒА. Вы откуда пришли в Министерство сельского хозяйства?

МАНАТАЕВ Р.Е. Я пришел из бизнеса.

ТӨРАҒА. Из сельскохозяйственного бизнеса?

МАНАТАЕВ Р.Е. Нет, телекоммуникации, IT, интеграция.

ТӨРАҒА. Вы кто по специальности?

МАНАТАЕВ Р.Е. Инженер, экономист.

ТӨРАҒА. Что оканчивали?

МАНАТАЕВ Р.Е. КазГАУ.

ТӨРАҒА. Специальность?

МАНАТАЕВ Р.Е. Экономист-международник и инженер по автоматизации.

ТӨРАҒА. Ну все понятно.

Енді ол международник болғаннан кейін қайдан біледі, сиыр қайда, жылқы қайда, тауық қайда екенін. Осындай норма жазғаннан кейін ауылда тұратын азаматтар қалай жұмыс істейді? Айналайын, түсінетін боларсың. Микрофоныңызды қосыңыз.

МАНАТАЕВ Р.Е. Түсіндім.

ТӨРАҒА. Как Министерство сельского хозяйства может... Ладно, вы коллегам из Министерства экологии, геологии и природных ресурсов должны подсказать, что эта норма не будет работать. Завтра эти люди, которые живут в селах, Магзум Маратович, спросят: кто писал такие законы, как по ним жить и работать при наших расстояниях?

Поэтому отработайте, пожалуйста, до второго чтения. Надо собраться, сесть и не специалистов по международному бизнесу брать из Министерства сельского хозяйства, а тех, кто знает эту проблему. Сядьте, детализированно разберитесь. Наверное, здесь нужен какой-то подзаконный акт, может быть, совместный приказ Министерства сельского хозяйства и Министерства экологии, геологии и природных ресурсов, где четко прописать, что если индивидуальный предприниматель на селе или просто сельский житель имеет столько-то голов крупного рогатого скота, то одна цифра, если столько-то лошадей – другая цифра, птиц – следующая цифра.

Магзум Маратович, надо вместе с Министерством сельского хозяйства выработать правильные и логичные критерии численности и только потом законодательно обязать их декларировать имеющуюся живность. Должны быть четкие критерии, чтобы не было неоднозначного толкования этой нормы.

Еще один вопрос, который пока не ясен, но думаю, что до второго чтения вы тоже должны отработать. Как будете проводить мониторинг? Министерство сельского хозяйства тоже должно в этом помочь. Сейчас министр говорит о разрешительной системе, о такой системе. Это же вам не митинг, разрешительно-декларативное. Может быть, раз у вас в каждом министерстве есть люди, отвечающие за цифровизацию, с учетом наших расстояний между аулами, городами и районами, наверное, надо продумать

какой-то алгоритм возможностей по дистанционному с использованием элементов цифровизации.

Подумайте, Мағзұм Маратович, и до второго чтения ждем предложений.
МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Есть.

ТӨРАҒА. Рабочей группы тоже нужно все это дело отработать внимательно, помня о том, что сельские жители живут в аулах, селах, где очень большие расстояния.

Сөз депутат Қаныбеков Сәкен Әсембекұлына беріледі.

ҚАНЫБЕКОВ С.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Экологиялық кодекстің жобасында қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу көзделді. Мәселен, 109-баптың 2-тармағында қоғамдық экологиялық сараптама кез келген қызметті қарастырады деп көзделген.

Сонымен бірге 109-баптың 3) тармақшасы оны парниктік газдар шығарындыларына қатысты жүргізуге тыйым салады, ал 114-баптың 4-тармағының 4) тармақшасына оны экологиялық рұқсаты бар объектілерге қатысты жүргізуге тыйым салады.

Осылайша, бір жобада бір-біріне қайшы келетін нормалар бар. Осыған байланысты әріптестеріміз аталған шектеулерді алып тастауды және кез келген қызметке қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге рұқсат беруді ұсынады.

Бұл туралы Сіздің пікіріңіз қандай? Сіз осындай ұсыныспен келісесіз бе?
Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Расында да, бұл норма біздің жұмыс тобында талқыланды. Қазіргі күні елімізде қабылданған «Құлақ асатын мемлекет» концепциясына сәйкес біздің қоғам белсенділерінің, волонтерлерінің, жалпы, қоғам қайраткерлерінің осындай экологиялық мәселелерге қатысуы көзделген. Дегенмен парниктік шығарымдыларына қатысты ондай норма қарастырылмаған. Сондықтан екінші оқылымға дейін осы норманы біз түзетеміз және қоғамның қатысуымен бұл нормалар қарастырылатын болады.

ТӨРАҒА. Қай норманы алсақ та екінші оқылымда қараймыз дейсіз. Ол қаралып отырған заң жобаның сапасын білдіреді.

Сөз депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Мағзұм Маратович! В действующем Экологическом кодексе необходимость проведения государственной экологической экспертизы предусмотрена для объектов всех трех категорий – первой, второй, третьей. Проектом Экологического кодекса этот вид экспертизы предусмотрено оставить только для объектов первой и второй категорий.

Понятно, что преследовалась цель снижения государственного контроля, давления, но к объектам третьей категории относятся котельные малой мощности, АЗС, склады разного рода (промышленные и

продовольственные), цеха, фабрики, для которых даже предусмотрены специальные санитарно-защитные зоны.

Насколько правильно исключена экологическая экспертиза объектов третьей категории?

Я хочу сказать, что депутаты предлагают сохранить все-таки проведение экспертизы для объектов третьей категории, дали свою поправку. Хотелось бы услышать Ваше мнение по этому поводу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемая Гульнара Кадиржановна! Во-первых, хочу отметить, что, по статистике, предприятия первой категории осуществляют порядка 80-85 процентов выбросов. Если взять первую и вторую категории, то это уже 90 процентов. То есть от третьей и четвертой категорий, а у нас более 10 тысяч таких предприятий, вклад в эмиссию или вред окружающей среды достаточно незначителен. В этой связи было принято решение отказаться от необходимой экологической экспертизы и перейти для третьей категории на декларативный уровень.

Вместе с тем я хочу отметить, когда мы говорим про первую и вторую категории, что такое экологическая экспертиза? Сегодня бизнес должен получать два типа разрешений. Во-первых, он проходит экологическую экспертизу и получает соответствующее заключение. Во-вторых, после этого он с этим заключением обращается снова в Комитет экологического регулирования нашего министерства и получает уже разрешение на эмиссии.

Вот для того, чтобы упростить бизнесу, мы хотим эти две государственные функции объединить, то есть фактически как бы зашиваем экологическую экспертизу внутри экологического разрешения. Экологическая экспертиза никуда не исчезает, она остается, и эксперты уже свое мнение будут давать при получении экологического разрешения.

Что касается котельных, то мы этот список доработаем, и котельные малой мощности, как Вы сейчас сказали (по-моему, 50 тонн), будут отнесены ко второй категории.

ТӨРАҒА. Я что-то не понял. Смотрите. Что касается объектов первой и второй категорий, то здесь нет вопросов, все понятно. Это существующая норма, как я помню, это государственная экологическая экспертиза. По ним это все будет осуществлять уполномоченный орган. Солай ғой?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Солай.

ТӨРАҒА. Депутат Бижанова ведет речь, насколько я понял, о третьей категории. В третью категорию входят автозаправочные станции, станции технического обслуживания, предприятия по производству минеральных удобрений, предприятия по производству пластических материалов (пластиков), то есть химическое содержание. Все они огнеопасны и так далее. По ним речь идет. Они тоже могут оказывать вредное воздействие на окружающую среду. Пожалуйста, вот о чем идет речь. Вы нам сейчас

рассказали, что входит в первую, вторую категории, их опасность. По третьей категории.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Нурлан Зайруллаевич, по третьей категории мы предлагаем оставить на уровне декларации, но при этом экологический контроль за их деятельностью будет осуществляться.

ТӨРАҒА. Минутку. В законопроекте такая норма? Пожалуйста, депутат Бижанова.

БИЖАНОВА Г.Қ. Мағзұм Маратович, хотелось бы понять. Суть вопроса такова. Вы сейчас отвечаете, что экологическая экспертиза будет защита в разрешение, оставим на уровне декларации. Мы согласились бы, если объекты третьей категории были бы все примерно, как приведенный пример с курами. Разговора нет, тоже объект третьей категории. Но речь идет о производстве химических материалов. Здесь целый перечень предусматривается, Нурлан Зайруллаевич, сотни предприятий.

ТӨРАҒА. Я смотрел, станции технического обслуживания. От одних только автозаправочных станций опасность...

БИЖАНОВА Г.Қ. Сотни предприятий. По Спасскому шоссе ехать, птицефабрика, за 15 километров вы окно не откроете, пока не проедете. Так же? В целом речь идет об этом. Тогда где этот механизм? Он не прописан. Где экологическая экспертиза, в каком месте она пришивается к этому разрешению? Тогда этот вопрос поясните, пожалуйста.

ТӨРАҒА. Пожалуйста. Вообще, что за «прошиваем»? Расшифруйте его. Вы же пишете, к нам законопроекты вносите. Мы с Вами должны принимать такие законопроекты, которые простой человек прочитает и ему все понятно будет, как он должен действовать.

Пожалуйста, по третьей категории. Только себя слушайте, когда отвечаете, чтобы были ясность и логика мыслей.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич, действительно, по третьей категории есть целый перечень, по-моему, там порядка 82 направлений.

ТӨРАҒА. Понятно. Давайте дальше.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Просьба дать нам возможность доработать этот перечень.

ТӨРАҒА. С этого надо было начинать Вам. Задрал штаны, побежали, не знаю, за какими рейтингами, взяли и все посокращали, даже не посмотрели, что сократили. Вы просто взяли и всю третью категорию вычеркнули.

Ол тізімді қарасаңыз, Мағзұм Маратұлы, шашың тік тұрады. Техникалық қызмет көрсету станциялары бар, жанар-жағармай құятын станциялар бар. Бағана айттым ғой, пластика мен минералды тыңайтқыш шығаратын өндіріс бар. Оларды қалай бақылаудан алып тастадыңыздар?

Поэтому все эти объекты нельзя оставлять без государственного экологического контроля. Наверное, нужно здесь подойти следующим образом. Это право надо отдать местным исполнительным органам, проводить государственную экологическую экспертизу таких предприятий. Может быть,

не делать, как для первой и второй категорий, очень глубокую экологическую экспертизу с многочисленным перечнем различных показателей, экспертиз и так далее, а более простую, но оставлять. Просто так вычеркнуть... Я посмотрел в пояснительной записке, аргументов-то нет. Непонятно, опять какое-то пресловутое – «в целях достижения повышения рейтинга поддержки бизнеса». А завтра у нас с вами заполыхают все автозаправочные станции?!

Депутат правильно говорит о птицефабриках. Если вдоль трасс расположено, то когда едешь, действительно окно открыть невозможно. Надо посмотреть, Мағзұм Маратович, до второго чтения.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Есть.

ТӨРАҒА. И эти вещи надо сразу обсуждать, а не уходить от ответа, про первую, вторую категории рассказываете нам.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Мағзұм Маратұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған жаңа Экологиялық кодекс жобасы маңызды заңнамалық акт болып табылады, ол адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз қоршаған ортаны құруға және еліміздің ұзақ мерзімдік экономикалық дамуының іргетасы болып табылатын табиғи ресурстарды сақтауға да әсер етеді.

Экологиялық кодекстің жаңа редакциясы Елбасы Назарбаевтың 2018 жылғы Жолдауында айтылған экологиялық заңнаманы жаңарту туралы тапсырмасын және Мемлекет басшысы Тоқаевтың 2019 және 2020 жылдардағы жолдаулары аясында экологиялық жағдайды жақсарту және экономиканы «көгалдандыру» бойынша алға қойған міндеттерді орындау мақсатында әзірленді.

Президентіміз Тоқаев ағымдағы жылдың соңына дейін жаңа Экологиялық кодекс жобасын Парламенттің қабылдауы жөнінде міндет қойғаны баршаңызға белгілі. Бұл депутаттық корпусқа аталған маңызды құқықтық актіні қарау және қабылдау барысында зор жауапкершілік артады.

Ұсынылып отырған Экологиялық кодекс жобасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің стандарттары мен тәжірибесін ескере отырып, экологиялық қатынастарды реттеуде жаңа тәсілдерді көздейді, бұл қоршаған ортаның экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға және елдің ресурстық әлеуетін сақтауға ықпал ететін болады.

Заң жобасының тұжырымдамасы министрдің баяндамасында толық және егжей-тегжейлі айтылды, сондықтан оларға тағы да тоқталып өтудің қажеті болмас деп ойлаймын.

Депутаттардан, тұрақты комитеттерден, табиғат пайдаланушылардан, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен келіп түскен түзетулерді талқылау барысына тоқталып өткім келеді.

Жұмыс тобының отырысы аясында 2 мыңнан астам ұсыныстар мен түзетулер қаралып, талқыланды. Олардың негізгілері:

қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға жұртшылықтың қатысуы жөніндегі нормаларды толықтыруға;

экологиялық ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға;

табиғат пайдаланушылардың қызметін реттеу және бақылау жөніндегі нормаларды нақтылауға;

мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі нормаларды реттеуге;

заң жобасының өтпелі ережелерін қайта қарауға бағытталған.

Жұмыс тобымен тұжырымдамалық түзетулер бойынша Үкіметке бес блок ұсыныс қорытындыға жіберілді. Алайда Үкіметтің позициясы әлі алынған жоқ.

Қазіргі уақытта жоба бойынша таныстырылымы, жұмыс тобының отыз отырысы өткізілді. Жұмыс тобы шеңберіндегі барлық талқылаулар мүдделі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес экологиялық ұйымдар мен әртүрлі өнеркәсіптік қауымдастықтар өкілдерінің, сондай-ақ жұртшылықтың кеңінен қатысуымен өтіп жатқанын айта кеткен жөн. Комитет пен жұмыс тобы жұртшылықтың пікірін барынша ескеруге тырысуда.

Сонымен қатар комитет Теміртау қаласы мен Ақтөбе облысына екі көшпелі отырыс, сондай-ақ «Қазэнерджи» алаңы мен «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығында» екі кеңейтілген отырыс өткізді. Нәтижесінде ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу бойынша жобаның тұжырымдамалық жаңашылдықтары жан-жақты талқыланды.

Сонымен қатар 12 қазанда Мәжіліс спикері Нұрлан Зайроллаұлы Нығматулиннің қатысуымен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен кеңес өткізілді.

Мұның барлығы кодекс жобасының тұжырымдамалық тұстары бойынша бірыңғай ұстаным әзірлеуге ықпал етті.

Комитеттердің барлығы жоба бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, комитет кодекс жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мансұрхан Махамбетұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда Қазақстанда табиғи ресурстар мен экология жай-күйінің біраз нашарлап кету проблемасы қатты сезіле бастады.

Сонымен қатар қазіргі заманғы дамудың негізгі трендтерінің бірі – қоршаған ортаға жанашырлықпен қарай отырып, даму процестерді «жасыл» экономикаға көшіру бағытын ұстану. 2020 жылы Давостағы Дүниежүзілік

экономикалық форумның басты тақырыбы экология және онымен байланысты барлық проблемалар кешені болды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы Қазақстан үшін әзірлеген Кешенді елдік шолу аясында экологиялық реттеудің тиімділігі тақырыбы еліміздің табысты дамуының төрт негізгі мәселесінің бірі ретінде көрсетілді. Сонымен қатар қолданыстағы кодекске 12 жыл ішінде 75 елеулі түзету енгізілгеніне қарамастан, атқарылған шаралар қоршаған орта жай-күйінің айтарлықтай жақсаруына әкелмей отырғаны да атап өту керек.

Бүгінгі таңда қоршаған ортаға теріс әсерді болғызбау үшін алдын ала шараларын қабылдау аса қажетті.

Талқыланып отырған Экологиялық кодекс жобасы, жалпы алғанда, қалыптасқан ахуал талаптарына сай келеді деп есептеймін. Ұсынылып отырған нормалар кәсіпорындардың өндірісті жанартуға инвестиция жасауы, қоршаған ортаға эмиссиялар көлемін азайтуға бағытталған шешімдер қабылдау тиімді болатындай жағдай жасайды.

Ең үздік қолжетімді технологияларды енгізудің қаржылық мүмкіндігіне қатысты ірі бизнестің қаупі түсінікті. Бірақ осы мақсатта берілетін 10 жылға тең мерзімді ескерер болсақ, ұсынылып отырған жаңашылдық қолжетімді болып көрінеді. Және компания бұл кезде эмиссиялар үшін ақы төлеуден де босатылады. Оның үстіне депутаттардың бастамасына сәйкес жекелеген көрсеткіштер бойынша белгіленген нормативтерге 10 жыл ішінде объективті себептермен қол жеткізе алмайтын кәсіпорындарға қатысты жағдай қарастырылуда. Мұндай кезде қосымша уақыт беру мүмкіндігін көздеу ұсынылып отыр.

Экологиялық түсімдерді қайта бағыттауға арналған нормалар өте маңызды деп есептеймін. Жыл сайын республикалық және жергілікті бюджетке шамамен 110 миллиард теңге көлемінде қаражат түседі. Бұл қаражаттың нысаналы бағыты болмағандықтан, бюджеттің тек кіріс бөлігін толықтыратын қаражат ретінде қаралады.

Сонымен бірге халықаралық практика бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін түсетін қаражат оны қалпына келтіруге жұмсалады. Ұсынылып отырған нормалар экологиялық төлемдерді табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Адамның өмірі мен денсаулығы және бүкіл экожүйе қоршаған ортаның жай-күйіне тікелей байланысты екені анық.

Қаралып отырған кодекс еліміздегі экологиялық жағдайдың жақсаруына жаңа қарқын береді деп үміттенемін.

Жоғарыда айтылғандарды негізге алып, Экологиялық кодекс жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Шавхат Әнесұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – кодекс жобасын бірінші

оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мамір Н. Шайынтаев.*